



Бекітілді / Утверждено


Ғылыми кеңес шешімімен /

Решением Ученого совета

«~~27~~» 08 2021 г. № 1

PR-03-13-11

Докторантурада оқу процесін ұйымдастыру ережелері /  
Правила организации учебного процесса в докторантуре

Әзірледі / Разработал		
Магистратура және докторантура бөлімі бастығының м.а. / И.о. начальника отдела магистратуры и докторантуры	 (қолы / подпись)	Ф.Оразаева

Басылым 01 / Издание 01

Алматы, 2021



**Өзгерістерді тіркеу парағы /  
Лист регистрации изменений**

<b>№</b>	<b>Параграф / Параграф</b>	<b>Өзгерістер жасалды / Вносимые изменения</b>	<b>Күні / Дата</b>	<b>Аты-жөні / И. Фамилия</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>



## Мазмұны / Содержание

	бет / стр.
1. Жалпы ережелер	4
2. Мақсаттары мен міндеттері	8
3. Оқу процесін ұйымдастыру	8
4. Оқу жүктемесінің көлемі	10
5. Оқу пәндеріне тіркеу	11
6. Докторанттың өзіндік жұмысы	11
7. Жіберіп алған сабақтардың / емтихандардың өтелуін ұйымдастыру	12
8. Практикадан өтуді ұйымдастыру	13
9. Докторанттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы	19
10. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау	25
11. Білім алушылардың білімін бағалау	26
12. Қорытынды аттестаттау	28
13. Күкығы	29
14. Жауапкершілік	30
Қосымша	32
Келісу парағы	63
1. Общие положения	33
2. Цели и задачи	37
3. Организация учебного процесса	38
4. Объем учебной нагрузки	39
5. Регистрация на учебные дисциплины	40
6. Самостоятельная работа докторанта	41
7. Организация отработок пропущенных занятий / экзаменов	41
8. Организация прохождения практики	42
9. Научно-исследовательская/экспериментально-исследовательская работа докторанта	49
10. Контроль учебных достижений обучающихся	54
11. Оценка знаний обучающихся	56
12. Итоговая аттестация	58
13. Права	59
14. Ответственность	60
Приложение	62
Лист согласования	63



## 1. Жалпы ережелер

1.1. Докторантурада оқу процесін ұйымдастыру ережелері (бұдан әрі – Ереже) білім беру қызметін жоспарлау және басқару және «Қазақстан – Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі – Университет) докторантурасында оқу процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

1.2. Нормативтік сілтемелер\*:

1.2.1) Қазақстан Республикасының Конституциясы.

1.2.2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

1.2.3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м. а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

1.2.4) Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

1.2.5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

1.2.6) Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығы.

1.2.7) Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Заңы;

1.2.8) «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы;

1.2.9) «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығы.

\* Егер сілтемеде құжаттың күні белгіленген басылымы көрсетілсе, онда тек осы нұсқа қолданылады. Күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтеме құжаттының соңғы қолданыстағы нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса алғанда) қолданылады.

1.3. Қолдану саласы:

Осы Ережелердің талаптары докторантураның білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру процесіне қолданылады.

1.4. Таралу саласы: оқу процесін ұйымдастыруға және докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын университеттің құрылымдық бөлімшелері үшін.

1.5. Мүдделі тараптар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте-Мүдделі тараптар және олардың қажеттіліктері мен үміттері:

Мүдделі тарап	Қажеттіліктер мен үміттер
1	2
Сыртқы аудиторлар	Сыртқы аудитті жүргізу тиімділігін арттыру

PR-03-13-11	Докторантурада оқу процесін ұйымдастыру ережелері / Правила организации учебного процесса в докторантуре	Басылым 01 / Издание 01
-------------	---	----------------------------



Магистратура және докторантура бөлімі	Университет докторантурасында білім беру процесін ұйымдастыру және үйлестіру.
ПОК	Оқу пәндерін сапалы оқыту
Докторанттар	Білім беру қызметтерін алу, құқықтар мен міндеттер туралы хабардар болу

1.6. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.

1.6.1) Мәтін бойынша 2-кестеде көрсетілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

### 2-кесте-Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
1	2
Академиялық күнтізбе	оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын өткізу күнтізбесі
Академиялық кредит	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі:
Академиялық кезең	жоғары оқу орны бір формада тандайтын оқу кезені: семестр, триместр, тоқсан, оқу жылы.
Академиялық сағат	оқу сабақтарының барлық түрлерінде (аудиториялық жұмыс) сабақ кестесі бойынша оқытушымен байланыс жұмысының уақыты. Академиялық сағат дәрістік, практикалық (семинарлық) сабақтардың 1 байланыс сағатына (50 минутка) тең.
Академиялық адалдық	оқыту мен бағалаудағы жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы. Сондай-ақ жазбаша бақылау жұмыстарын, емтихандарды, эссені, зерттеулерді, презентацияларды орындау кезінде лайықты мінез-құлық ретінде түсіндірілуі мүмкін.
Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі (БРӘЖ)	халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі
ЖОО компоненті	білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖОО дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Докторантура	білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
Докторант	докторантурада оқитын тұлға.
Докторлық диссертация	докторанттың ғылыми жұмысы дербес зерттеу болып табылады, онда жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктеуге болатын теориялық ережелер әзірленген немесе ғылыми проблема шешілген, не енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған.
Бейіні бойынша доктор	Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған



	дәреже.
Философия докторы (PhD)	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.
Дескрипторлар	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін білім алушылар алған білім, білік, дағды мен құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы: дескрипторлар оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттілікке және академиялық кредиттерге негізделеді.
ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System -	Еуропалық аудару және кредиттерді жинақтау жүйесі) – білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстырған кезде білім алушылардың игерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта сынақтан өткізу арқылы жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндер, курстар, Модульдер) сынақ бірліктерін (кредиттерді) беру тәсілі.
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына өзі қалыптастыратын білім алушының оқу жоспары
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау	білім алушылардың білім берудің тиісті бағдарламасын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілген, нәтижесінде мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) берілетін процедура
Қорытынды бақылау	емтихан түрінде өткізілетін оқу пәні бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау
Элективті пәндер каталогы	таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың қысқаша сипаттамасы, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері) және күтілетін оқу нәтижелері (білім алушылар алатын білім, білік, дағды және құзыреттілігі) көрсетілген.
Құзыреттер	оқу процесінде алған білімді, білік пен дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті.
Таңдау бойынша компонент	білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ұйым дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.
Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау	білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасын және медициналық қызметтер көрсету үшін қажетті құзыреттердің (білім мен дағдылардың) қалыптасу деңгейін бағалау.
Кәсіби құзыреттер	маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, дағдылар, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.
Жұмыс оқу жоспары	білім беру бағдарламасы және докторанттардың жеке оқу жоспары негізінде ұйым өз бетінше әзірлейтін оқу құжаты
Оқыту нәтижелері	білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.
Үлгілік оқу	мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде



бағдарламасы	әзірленетін, үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненті пәнін оқытудың мазмұнын, көлемі мен тәртібін айқындайтын, менгеру үшін қажетті және Қазақстан Республикасының Медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы уәкілетті органы бекітетін негізгі білім, білік, дағды мен құзыреттілік шеңберін бейнелейтін оқу құжаты
Транскрипт	академиялық сағаттар мен әріптік және сандық мәндегі бағалары көрсетілген тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндердің тізбесін қамтитын құжат
Оқу жоспары	оқу сабақтарының, пәндердің (модульдердің), практикалардың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесінің дәйектілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және регламенттейтін құжат
Элективті пәндер	белгіленген академиялық сағат шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және ғылым/білім беру ұйымы енгізетін оқу пәндері. Элективті пәндер білім алушының жеке дайындығын көрсетеді, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және нақты өңірдің қажеттілігін ескереді. ғылым/білім беру ұйымдарының ғылыми мектептері

1.6.2) Мәтін бойынша 3-кестеде көрсетілген қысқартулар мен терминдер қолданылады.

### 3 кесте - Қысқартулар

Қысқартулар	Терминдер
АК	аттестаттау комиссиясы
БП	базалық пәндер
БРӘЖ	Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі
ЖООК	ЖОО компоненті
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ТК	Таңдау бойынша компонент
ББК	Білім беру бағдарламалары комитеті
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ДҒЗЖ	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
БП	Бейіндеуші пәндер
ЖР	Пән бойынша жіберу рейтингі
АБ	Аралық бақылау
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
ДӨЖ	Докторанттың өзіндік жұмысы
ОДӨЖ	Оқытушының жетекшілігімен докторанттың өзіндік жұмысы
ДЭЗЖ	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы
ECTS	European Credit Transfer and Accumulation System - Кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі
GPA	Grade Point Average - үлгерімнің орташа балы

1.7. Осы Ережелер бойынша барлық жұмыстарды ғылыми және клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор бақылайды.

### 1.8. Енгізілетін формалар

PR-03-13-11	Докторантурада оқу процесін ұйымдастыру ережелері / Правила организации учебного процесса в докторантуре	Басылым 01 / Издание 01
-------------	---	----------------------------



Осы Ережелер 4-кестеде көрсетілген мынадай формаларды қолданысқа енгізеді:

4 кесте – Формалар

Форма	Форма атауы
F-PR-03-13-11-01	Докторанттың жеке жұмыс жоспары
F-PR-03-13-11-02	Докторанттың жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп
F-PR-03-13-11-03	Докторанттың педагогикалық практика бағдарламасы
F-PR-03-13-11-04	Докторанттың педагогикалық практикасы бойынша күнделік
F-PR-03-13-11-05	Докторанттың педагогикалық практика бойынша есебі
F-PR-03-13-11-06	Педагогикалық практикадан өту бойынша докторантқа мінездеме
F-PR-03-13-11-07	Педагогикалық практика бойынша бағалау парағы
F-PR-03-13-11-08	Докторанттың зерттеу / өндірістік практика бағдарламасы
F-PR-03-13-11-09	Практикадан өту туралы шарт
F-PR-03-13-11-10	Докторанттың зерттеу / өндірістік практика бойынша есебі
F-PR-03-13-11-11	Зерттеу / өндірістік практикадан өту бойынша докторантқа мінездеме
F-PR-03-13-11-12	Зерттеу / өндірістік практика бойынша бағалау парағы
F-PR-03-13-11-13	Патентке қабілетсіз диссертацияны патенттік-ақпараттық іздеу туралы есеп
F-PR-03-13-11-14	Патентке қабілетті диссертацияны патенттік-ақпараттық іздеу туралы есеп
F-PR-03-13-11-15	Докторлық диссертацияның аннотациясы
F-PR-03-13-11-16	ДҒЗЖ/ДЭЗЖ тақырыбын өзгертуге өтініш
F-PR-03-13-11-17	Докторанттың тағылымдама бағдарламасы
F-PR-03-13-11-18	Ғылыми / кәсіптік тағылымдамадан өту туралы есеп
F-PR-03-13-11-19	Докторанттың ғылыми / эксперименттік-зерттеу жұмысының орындалуы туралы есеп
F-PR-03-13-11-20	ДҒЗЖ/ДЭЗЖ бойынша семестрлік бағалау парағы
F-PR-03-13-11-21	ДҒЗЖ/ДЭЗЖ орындау бойынша есепті бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

## 2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Осы Ережелердің негізгі мақсаты оқу процесін регламенттеу, докторантурада кадрлар даярлау сапасын бақылау жүйесін құру, докторанттардың құқықтары мен міндеттерін реттеу болып табылады.

2.2. Осы Ереженің негізгі міндеттері:

2.2.1) докторантурада оқу процесін ұйымдастыру;

2.2.2) ғылыми / эксперименттік-зерттеу жұмысын ұйымдастыру;

2.2.3) кәсіптік практиканы және ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру;

2.2.4) докторантурада кадрлар даярлау сапасын бақылауды ұйымдастыру.

## 3. Оқу процесін ұйымдастыру

3.1. Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру Ғылыми кеңестің шешімі негізінде «ҚазРесмедуниверситеті» МЕНБМ ректоры бекітетін академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

3.2. Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі





білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін денсаулық сақтау бағыты бойынша пәндерді іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығы мен зерделеуді қарастырады.

3.3. Бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы ұлттық экономика, медицина салалары үшін ғылымның денсаулық сақтау бағыты бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және пәндерді терең зерделеуді қарастырады.

3.4. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен (емтихан сессиясы), демалыстар мен кәсіптік практикалардан тұрады. Бітіру курсына қорытынды мемлекеттік аттестаттау қарастырылған. Академиялық кезеңнің ұзақтығы семестр үшін 15 апта. Әрбір академиялық кезең аралық аттестаттау кезеңімен (емтихан сессиясы) аяқталады. Аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) кезеңінің ұзақтығы кемінде 1 апта болады. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке жұмыс жоспарын орындау мәніне академиялық аттестаттаудан өтеді. Докторанттарға демалыс оқу жылы ішінде кемінде екі рет беріледі, олардың жалпы ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайды, бітіру курсына қоспағанда. Толық бағдарламаны игеру үшін бір оқу жылында кемінде 60 кредит жоспарлауға жол беріледі, бұл 1800 сағатты құрайды, бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті меңгереді.

3.5. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру оқу жоспарлары (үлгілік, жеке, жұмыс) мен оқу бағдарламалары, оқу жүктемесінің көлемі, академиялық кезеңдердің ұзақтығы, академиялық сабақтар түрлері, оқу материалының көлемі негізінде жүзеге асырылады.

3.6. Жұмыс оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) оқу жылына ҮОЖ және білім беру бағдарламасының ЭПК, докторанттардың ЖОЖ негізінде әзірленеді және оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

3.7. ЖОЖ-да оқу жылына арналған пәндердің тізбесі және олардың кредиттегі еңбек сыйымдылығы, оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері және бақылау формалары, сондай-ақ оқу қызметінің басқа да түрлері (практика, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ), қорытынды аттестаттау (диссертацияны ресімдеу және қорғау) айқындалады.

3.8. ЖОЖ негізінде мамандықтар мен курстар бойынша академиялық сабақтар бөлінеді, профессор-оқытушылар құрамның оқу жүктемесі мен штатының есебі жасалады.

3.9. ЖОЖ сабақ кестесін құру және оқытушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу үшін негіз болады.

3.10. Докторантураның білім беру бағдарламасының мазмұны жоғары оқу орны компонентінің (бұдан әрі – ЖООК) және таңдау компонентінің (бұдан әрі – ТК) пәндерін, докторанттың практикасын, ғылыми – зерттеу жұмысын (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысын (бұдан әрі – ДЭЗЖ) қамтитын, докторлық диссертацияны орындауды және тағылымдамадан өтуді, сондай-ақ докторанттың аралық және қорытынды аттестаттауын қамтитын базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдарынан тұрады.



3.11. Академиялық жұмыс бойынша бөлім Элективті пәндер каталогын қалыптастыру бойынша қызметті үйлестіреді, ол таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі болып табылады, онда оқу мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері) және күтілетін оқу нәтижелері (білім алушылар алатын білім, білік, дағды және құзыреттер) көрсетіле отырып, олардың қысқаша сипаттамасы қамтылады. ЭПК-да әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК білім алушыларға элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді

3.12. Докторант жеке жұмыс жоспары (F-PR-03-13-11-01) негізінде оқиды, ол оқу жоспары мен ЭПК негізінде ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жасалады.

3.13. Докторанттың жеке жұмыс жоспары оқудың барлық кезеңіне құрастырылады және келесі бөлімдерден тұрады:

3.13.1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтылануы мүмкін);

3.13.2) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есептілік нысаны);

3.13.3) практика (бағдарлама, база, есептілік мерзімі мен нысаны);

3.13.4) докторлық диссертацияның негіздемесі мен құрылымы бар тақырыбы;

3.13.5) докторлық диссертацияны орындау жоспары;

3.13.6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар, оның ішінде шетелдік, жоспары.

3.14. ЖОЖ-ны магистратура және докторантура бөлімінің бастығы үш данада бекітеді: біреуі білім алушының жеке ісіне тігіледі, ол тіркеу кеңсесінде сақталады, екіншісі — деканатта сақталады және үшінші данасы білім алушыға тапсырылады. Білім алушы ЖОЖ орындалуына дербес жауапты болады.

3.15. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке жұмыс жоспарын орындау мәніне академиялық аттестаттаудан өтеді (F-PR-03-13-11-02).

#### **4. Оқу жүктемесінің көлемі**

4.1. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі академиялық сағаттың ұзақтығымен және оқу жұмысының әртүрлі түрлері үшін академиялық сағаттармен бірге жүретін оқу сағаттарының көлемімен (50 минуттан байланыс сағаттары) анықталады.

4.2. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әрбір оқу пәнінің көлемі кредиттердің бүтін санын құрауы тиіс. Бұл ретте пән, әдетте, кемінде 5 кредит көлемімен бағаланады. Ерекшелік ретінде пәнді 3-4 кредитке бағалауға жол беріледі.

4.3. Білім алушының аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары білім алушының өзіндік жұмысының тиісті сағаттарымен (бұдан әрі – БӨЖ) толықтырылады.

4.4. Докторанттың оқу жұмысын есепке алу оқытылатын пән кредиттерінің көлемі бойынша мынадай оқу сабақтары түрінде жүзеге асырылады: дәрістік, практикалық (семинар), зертханалық, өзіндік жұмыс, кәсіптік практика, тағылымдама, қорытынды аттестаттауға дайындық және одан өту.



4.5. Докторанттар әрбір оқу пәнін бір академиялық кезеңде меңгереді, оны аяқтаған соң емтихан формасында қорытынды бақылау тапсырады.

4.6. Пәнді бірнеше академиялық кезең ішінде игеруге жол беріледі

4.7. Кәсіптік практиканың барлық түрлері бойынша қорытынды бақылау белгіленген бағалау шкаласына сәйкес бағаланатын практика бойынша есепті қорғау нысанында жүргізіледі.

4.8. Университетте оқу сабақтарының кестесі бекітілген оқу сабақтарының кестесіне сәйкес оқу процесін ұйымдастыруды ескере отырып, сағат 8:00-ден 20.00-ге дейін ұйымдастырылады.

4.9. Кесте аудиториялық (байланыс) сағаттарға жасалады.

## 5. Оқу пәндеріне тіркеу

5.1. Пәндер бойынша оқу топтары және сабақ кестесін қалыптастыру докторанттарды пәнге тіркеу негізінде жүзеге асырылады. Докторант университеттің академиялық күнтізбесінде белгіленген мерзімде білім беру бағдарламасының оқу жоспарында қарастырылған кредиттер/сағаттардың белгілі бір санына тіркелуі тиіс.

5.2. Докторантты алдағы оқу жылының оқу пәндерін (модульдерін) оқуға тіркеу бекітілген оқу жоспары мен пәндер каталогына сәйкес пәндерді тандау мәселелері бойынша түсініктеме беретін ғылыми консультантпен өзінің жеке оқыту траекториясын егжей-тегжейлі талқылағаннан кейін тіркеу кеңсесінде жүргізіледі.

5.3. 1-ші оқу жылының докторанттары үшін университетте оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен танысудың ұйымдастырушылық кезеңі қарастырылады. 1-ші оқу жылында білім алушыларды пәндерге тіркеу рәсімі бағдарлау аптасы шеңберінде жүзеге асырылады.

5.4. Тіркеуге қол жеткізу үшін мыналар негіз болып табылады: қандай да бір пәнді оқу үшін талап етілетін барлық пререквизиттерден өту (1-курс білім алушыларын қоспағанда).

5.5. Докторанттардың академиялық топтары осы пәнге жазылған білім алушылардың жеткілікті саны және олардың табыстылығының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу қағидаты бойынша құрылады.

5.6. Академиялық топтарды қалыптастыруды Тіркеуші кеңсе айқындайды.

## 6. Докторанттың өзіндік жұмысы

6.1. Аудиториялық жұмыстың академиялық сағаттары өзіндік жұмыс сағаттарының тиісті санымен толықтырылады.

6.2. ДӨЖ келесі түрлері ажыратылады:

6.2.1) оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (ОДӨЖ);

6.2.2) докторанттың өзіндік жұмысы (ДӨЖ) - оқу жоспарына енгізілген әрбір модуль/пән бойынша докторанттың өзіндік жұмысын болжайтын оқу жұмысының бір түрі.

6.3. ОДӨЖ мен ДӨЖ арасындағы арақатынас 1:3 құрайды.



6.4. ДӨЖ-ның барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

6.5. Докторанттардың өзіндік жұмыс түрлері, олардың сағаттардағы еңбек сыйымдылығы, бақылау нысаны мен мерзімдері әр пән бойынша силлабустың тиісті бөлімдерінде регламенттеледі.

6.6. ДӨЖ мазмұны академиялық кезең ішіндегі өзіндік жұмыс көлемі, тапсырмалардың саны мен сипаты, олардың еңбек сыйымдылығы мен орындау мерзімдері, ағымдағы және аралық бақылау нысандары көрсетіле отырып, силлабуста көрсетіледі.

6.7. Академиялық кезең басталғанға дейін әрбір білім алушы пәннің силлабусымен қамтамасыз етілуі тиіс, онда ӨЖ орындалуы көрсетіледі:

6.7.1) тапсырмалардың тақырыптары, мақсаты және мазмұны;

6.7.2) беттері көрсетілген ұсынылатын әдебиеттер;

6.7.3) есептілік нысандары және бақылау кестесі;

6.7.4) бағалау критерийлері.

## **7. Жіберіп алған сабақтардың / емтихандардың өтелуін ұйымдастыру**

7.1. Белгісіз себептермен сабақтан қалу өтелмейді, журналда «ж» сандық баламасы белгіленеді.

7.2. Пән бойынша ЖР жинаған білім алушылар сессияға / емтиханға жіберіледі.

7.3. Белгілі себептермен оқудан қалған білім алушы өткізіп алған сабақтарды өтеуге немесе магистратура және докторантура бөлімі бастығының өкімі негізінде өткізіп алған емтиханды тапсыруға құқылы.

7.4. Сабақтан қалудың белгілі себептері:

7.4.1) білім алушының ауырып, сауыққаннан кейін 3 күндік мерзімде ұсыну шартымен, тіркелген емхана дәрігерінен медициналық анықтама;

7.4.2) магистратура және докторантура бөлімінің келісімімен университеттің имидждік іс-шараларына қатысу;

7.4.3) некеге тұру (3 күнге дейін босату);

7.4.4) бірінші буындағы жақындарын жерлеу (өтініш пен куәлік ұсыну бойынша - 3 күнге дейін).

7.5. Докторант докторантурадан келесі жағдайларда шығарылады:

7.5.1) академиялық үлгермегені үшін;

7.5.2) академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін;

7.5.3) оқу сабақтарының босатылуынан және оқу жоспары мен бағдарламаларында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындамауынан көрінген университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін. Шешімді ай сайынғы және ағымдағы бақылау нәтижелері негізінде магистратура және докторантура бөлімі қабылдайды;

7.5.4) өз қалауы бойынша;

7.5.5) денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама - қорытындысы негізінде;



- 7.5.6) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;  
7.5.7) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін.

## 8. Практикадан өтуді ұйымдастыру

8.1. Кәсіптік практика докторантураның білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады.

8.2. Практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

8.3. PhD докторантураның білім беру бағдарламасы педагогикалық және зерттеу практикасын қамтиды.

8.4. Бейіндік докторантураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтиды.

### 8.5. Педагогикалық практиканы жүзеге асыру тәртібі

8.5.1) Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар үшін педагогикалық практикадан өту мерзімі мен ұзақтығы білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес белгіленеді.

8.5.2) Докторанттың педагогикалық практикасының мазмұнын бітіртуші кафедраның мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, МЖМБС негізінде даярлау бағдарламаларының жетекшілері анықтайды.

8.5.3) Докторанттың педагогикалық практикасының тікелей жетекшісі оның ғылыми жетекшісі немесе бітіртуші кафедраның меңгерушісі тағайындаған кафедра оқытушысы болып табылады.

8.5.4) Докторанттардың педагогикалық практикасына әдістемелік жетекшілікті педагогика және психология оқытушыларымен бірлесіп бітіруші кафедраның профессор-оқытушылар құрамының жоғары білікті мамандары жүзеге асырады.

8.5.5) Практика жетекшісі жүзеге асырады:

8.5.5.1) докторанттарды практикаға дайындау және практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізу;

8.5.5.2) докторант өткізетін сабақтардың сапасын бақылау;

8.5.5.3) докторант өткізетін сабақтарға қатысу;

8.5.5.4) докторант өткізген сабақтарды талқылау;

8.5.5.5) докторанттың практика бойынша есептерін тексеру;

8.5.5.6) практиканттың кәсіби мінездемесін дайындау;

8.5.5.7) практика бойынша есептерді қорғауды қабылдау.

8.5.6) Педагогикалық практиканың жетекшісі докторанттың педагогикалық практикасының бағдарламасын (F-PR-03-13-11-03) әзірлейді және кафедра меңгерушісі бекіткен кафедрада педагогикалық практиканы өткізудің жалпы кестесіне енгізеді.

8.5.7) Практика басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей докторанттың педагогикалық практикасының бағдарламасы кафедра / курс меңгерушісімен «Жоғары мектеп педагогикасы» пәні бойынша оқытушының қатысуымен бітіруші



кафедраның / курстың отырысында келісіледі және бекітіледі.

8.5.8) Педагогикалық практикадан өту бойынша іс-шаралар тізбесі:

8.5.8.1) педагогикалық практика базасымен танысу;

8.5.8.2) кафедраның оқу-әдістемелік құжаттамасымен танысу;

8.5.8.3) академиялық топпен танысу;

8.5.8.4) оқытушылардың ашық сабақтарына және оларды талқылауға қатысу (кемінде 3 сабақ);

8.5.8.5) ПОӘЖ жасау тәртібімен танысу;

8.5.8.6) дәрістік сабақтарды өткізу жоспарын әзірлеу (дәріс жоспары; әдеби көздер; дәріс конспектісі);

8.5.8.7) практикалық сабақтарды өткізу жоспарын әзірлеу (практикалық сабақтар жоспары; әдеби көздер; тапсырмалар, жағдаяттар; статистикалық немесе есептік материалдар);

8.5.8.8) студенттің оқытушымен өзіндік жұмыс жүргізу жоспарын (бұдан әрі – СОӨЖ) әзірлеу (сабақ жоспары, әдеби көздер, тапсырмалар, жағдаяттар);

8.5.8.9) аудиториялық оқу сабақтарын осы пәнді топта / лекте жүргізетін оқытушының жетекшілігімен және міндетті түрде қатысуымен өткізу (6 сағаттан кем емес - 2 дәріс, 4 семинар / практикалық);

8.5.8.10) кафедраның ғылыми және қоғамдық жұмысына қатысу;

8.5.8.11) бекітілген топта куратор көмекшісінің функцияларын орындау;

8.5.8.12) алынған нәтижелерді жалпылау және қорытындыларды тұжырымдау;

8.5.8.13) тәрбие жұмысы бойынша іс-шараларды өткізу (бір іс-шара оқытушының бақылауымен, кейіннен талқылаумен және талдаумен);

8.5.8.14) университетте оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8.5.8.15) педагогикалық практика бойынша есепті белгіленген мерзімде дайындау және қорғау.

#### 8.6. Педагогикалық практикадан өту орны мен тәртібі

8.6.1) Педагогикалық практика университет кафедраларында бакалавриатта, магистратурада және резидентурада сабақтар өткізуге тартыла отырып өткізіледі және теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен кол үзбей өткізілуі мүмкін.

8.6.2) Педагогикалық практика кезеңінде докторант осы пәнді жүргізетін кафедра оқытушысының жетекшілігімен және міндетті түрде қатысуымен дәрістік және практикалық сабақтар, ОБӨЖ өткізуі, сондай-ақ бітіртуші кафедраның құжаттамасын пайдалана отырып, сабақ өткізу бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуі тиіс.

8.6.3) Оқу пәнін жүргізетін оқытушы практикадан өту кезінде докторанттың іске асыруы тиіс тапсырмаларды айқындайды, сабақтар өткізу формасын, оқыту әдістемесін ұсынады, докторанттың жеке даярлығына бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ докторантпен өткізілген сабақтар мен практикант жұмысында анықталған кемшіліктерді талқылауды жүргізеді және практика жетекшісіне хабарлайды.

8.6.4) Докторанттың педагогикалық практикасы бойынша күнделік (F-PR-03-13-11-04) докторанттың жеке өзі толтырады және практика барысында тұрақты түрде жүргізіледі. Бөлімдегі жазбалар күнделікті, қысқа, ұқыпты, көк немесе күлгін



түсті сиямен жүргізіледі және атқарылған жұмыс пен мерзімі туралы қысқаша мәліметтерді қамтиды.

8.6.5) Практика күнделігінде докторанттың күнделікті практикалық жұмысы мыналар бойынша көрсетілуі тиіс:

8.6.5.1) кафедра оқытушыларының ашық сабақтарына қатысу;

8.6.5.2) кафедраның әдістемелік семинарларына / конференцияларына қатысу;

8.6.5.3) дәрістік және практикалық сабақтарды өткізу;

8.6.5.4) сабақ өткізу бойынша әдістемелік материалдарды жинау және өңдеу;

8.6.5.5) ПОӘЖ жасау тәртібімен танысу және т. б.

8.6.6) Докторант апта сайын практика жетекшісіне қол қойдыруға, қосымша тапсырмалар немесе ескертулер алуға күнделікті ұсынып отыруы тиіс.

8.7. Педагогикалық практика бойынша есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

8.7.1) Педагогикалық практиканы аяқтағаннан кейін докторант педагогикалық практикадан өту туралы ашық есепті (F-PR-03-13-11-05) ресімдеуі және оны педагогикалық практиканы өткізуге жауапты кафедрада / курста қорғауы тиіс.

8.7.2) Есепке докторант әзірлеген оқу сабақтарын өткізу бойынша әдістемелік материалдар қоса берілуі тиіс:

8.7.2.1) дәрістер;

8.7.2.2) практикалық сабақтар (семинарлар);

8.7.2.3) ОБӨЖ;

8.7.2.4) тапсырмалар, жағдаяттар (20-дан кем емес);

8.7.2.5) өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары (50-ден кем емес).

8.7.3) Практика бойынша есеп жобасы машинкамен басылған мәтіннің кемінде 10 бетін құрауы тиіс (бір аралық, Times New Roman, кегль 14, 2 см сол жақ жиегі, 1 см оң жақ, жоғарғы және төменгі жиегі).

8.8. Педагогикалық практика қорытындысы бойынша аттестаттау

8.8.1) Докторанттың педагогикалық практикадан өту нәтижелерін бағалау магистратура және докторантура бөлімі бастығының және "Жоғары мектеп педагогикасы" пәні бойынша оқытушының қатысуымен бітіртуші кафедра отырысында ресімделген есеп пен педагогикалық практика жетекшісінің пікірі негізінде жүргізіледі.

8.8.2) Практика жетекшісі докторантқа мінездеме (F-PR-03-13-11-06) жасайды, оқытуға практика кезеңінде докторант тартылған оқу пәнін жүргізетін оқытушының пікірі негізінде жүзеге асырылады.

8.8.3) Кафедра отырысында докторант төмендегілерді ұсынады:

8.8.3.1) педагогикалық практика бағдарламасы;

8.8.3.2) күнделік;

8.8.3.3) практика жетекшісімен тексерілген педагогикалық практикадан өту туралы есеп, қосымшаларымен бірге;

8.8.3.4) практика жетекшісінің докторантқа мінездемесі

8.8.4) Магистрантпен өткізілген дәрістік сабақтардың сапасын бағалау кезінде төмендегілерге назар аударылуы тиіс:



8.8.4.1) дәрістің мазмұндық бөлігі: дәріс жоспарының болуы, тақырыптың оқу бағдарламасына сәйкестігі, тақырыптың өзектілігі, ғылыми және клиникалық аспектілер, инновациялық жетістіктер, дәлелді база;

8.8.4.2) материалды оқытушының меңгеруі;

8.8.4.3) көрнекі құралдарды пайдалану және дәрістің көрнекілігі;

8.8.4.4) аудиториямен байланыс (аудиторияны қызықтыру, тақырыпқа қызығушылық тудыру, кері байланыс жүргізу);

8.8.4.5) дәріс оқуының мәнерлілігі (монотонды емес, дәріс оқуының жанды мәнері).

8.8.5) Докторант өткізген практикалық/семинар сабақтардың сапасын бағалау кезінде төмендегілерге назар аударылуы тиіс:

8.8.5.1) сабақтарда оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;

8.8.5.2) кері байланыс алу жүйесі (сұрау, тестілеу және т.б.);

8.8.5.3) білім алушылардың біліміне объективті баға қою.

8.8.6) Есепті бағалау баллдарда жүргізіледі, оның ішінде 70 балға дейін практика жетекшісі қояды және 30 балға дейін – есепті қорғау кезінде бітіртуші кафедраның оқытушылары, оларды кафедра қызметкері педагогикалық практиканы өткізу бойынша бағалау парақтарына қояды (F-PR-03-13-11-07).

8.8.7) Практика жетекшісі мен кафедра оқытушыларының бағаларынан тұратын педагогикалық практика бойынша есептің сараланған бағасы бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша ведомоске қойылады.

8.8.8) Практика бағдарламасын белгілі себеппен орындамаған докторанттар оқудан бос уақытта практикаға қайта жіберіледі.

8.8.9) Педагогикалық практика бағдарламасын белгісіз себептермен орындамаған немесе теріс баға алған докторанттар академиялық қарызы бар деп есептеледі.

8.8.10) Докторанттың педагогикалық практикадан өту нәтижелері бойынша балдарды бөлуі бағалау парағы формасында көрсетілген.

### 8.9. Зерттеу және өндірістік практикаларды жүзеге асыру тәртібі

8.9.1) Докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік медицина ғылымының жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ практикалық дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

8.9.2) Докторанттың өндірістік практикасы оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізіледі.

### 8.10. Зерттеу және өндірістік практиканың мазмұны мен басшылығы

8.10.1) Докторанттың зерттеу / өндірістік практикадан өту мерзімі мен ұзақтығы білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес белгіленеді.

8.10.2) Зерттеу және өндірістік практиканың мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады

8.10.3) Практика басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей зерттеу / өндірістік практика бағдарламасы (F-PR-03-13-11-08) ұйымның-практика





объектісінің бейінін ескере отырып әзірленеді, бітіртуші кафедраның отырысында каралады және оны ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректормен бекітіледі.

8.10.4) Докторанттың зерттеу / өндірістік практикасының жетекшілері оның ғылыми жетекшісі(лері) және/немесе практикадан өту орны бойынша жетекшісі болып табылады.

8.10.5) Практика базасынан тиісті біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар жетешіні практика өтетін ұйымның әкімшілігі тағайындайды. Бұл практикадан өту кезінде докторанттың жұмысын тікелей ұйымдастыратын, жіберетін және бақылайтын маман болуы керек.

8.10.6) Ғылыми жетекші(лер) жүзеге асырады:

8.10.6.1) докторантты практикаға дайындау және практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізу;

8.10.6.2) практика базасымен(ларымен) байланыс орнату;

8.10.6.3) практиканы дайындауды қамтамасыз ету-практиканың мақсаты мен міндеттерін, жұмыс және есептілік нысандарын қою;

8.10.6.4) практикантқа жеке тапсырмалардың тақырыптарын әзірлеу, тиісті консультациялар өткізу;

8.10.6.5) докторанттың практика және жұмыс кезеңдерінің орындалуын бақылау;

8.10.6.6) практикадан өтуге және құжаттарды ресімдеуге байланысты мәселелер бойынша көмек көрсету;

8.10.6.7) талқылау;

8.10.6.8) докторанттың практика бойынша есептерін тексеру.

8.10.7) Практика базасынан жетекші жүзеге асырады:

8.10.7.1) практиканттың жұмыс жоспарын келісу;

8.10.7.2) докторанттың практика және жұмыс кезеңдерінің орындалуын бақылау;

8.10.7.3) практикадан өтуге байланысты мәселелер бойынша көмек көрсету;

8.10.7.4) докторанттың практика бойынша есептерін тексеру;

8.10.7.5) практикантқа кәсіби мінездеме жасау.

8.10.8) Докторанттардың зерттеу / өндірістік практикадан өтуі бойынша іс-шаралар тізбесі:

8.10.8.1) практика базасымен танысу;

8.10.8.2) практикант-докторанттарға қойылатын талаптармен, қауіпсіздік техникасымен, олардың құқықтары мен міндеттерімен танысу;

8.10.8.3) практиканың жеке жұмыс жоспарын ресімдеу;

8.10.8.4) практика жоспарын орындау, практика күнделігін жүргізу;

8.10.8.5) ДҒЗЖ / ДЭЗЖ үшін қажетті материалдарды жинау;

8.10.8.6) мекеменің практикалық жұмысының жаңа дағдыларын, жаңа білімін және жұмысын ұйымдастыруды меңгеру және т. б.

8.10.8.7) алынған нәтижелерді жалпылау және қорытындыларды тұжырымдау;



8.10.8.8) орындалған жұмыс туралы есепті кестеде белгіленген мерзімде дайындау және қорғау.

8.11. Зерттеу / өндірістік практикадан өту орны мен тәртібі

8.11.1) Зерттеу / өндірістік практика практикадан өту туралы ресми шарт (F-PR-03-13-11-09) жасалатын ғылыми және / немесе практикалық бейіндегі ұйымдарда және / немесе университет бөлімшелерінде өткізіледі. Ұйымның жарғылық қызметі докторанттың даярлық бейініне сәйкес келуі тиіс.

8.11.2) Докторанттарға өздері практикадан өтетін ұйымды өз бетінше табу не практикадан өту орны ретінде өздері жұмыс істейтін ұйымды немесе шетелдік жетекшінің жұмыс орны бойынша ұйымды пайдалану құқығы беріледі.

8.11.3) Зерттеулер ДФЗЖ/ ДЭЗЖ тақырыбы бойынша жүргізіледі.

8.11.4) Докторанттың педагогикалық практикасы бойынша күнделік (FPR-03-13-11-04) докторанттың жеке өзі толтырады және практика барысында тұрақты түрде жүргізіледі. Күнделік жазбалары күнделікті, қысқа, ұқыпты, көк немесе күлгін түсті сиямен жүргізіледі және атқарылған жұмыс пен мерзімі туралы қысқаша мәліметтерді қамтиды.

8.11.5) Практика күнделігінде докторанттың күнделікті практикалық жұмысы көрсетілуі тиіс.

8.11.6) Докторант апта сайын ұйымның практика жетекшісіне қол қоюға, қосымша тапсырмалар немесе ескертулер алу үшін күнделікті қарауға ұсынуы тиіс.

8.12. Зерттеу / өндірістік практика бойынша есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

8.12.1) Практика аяқталғаннан кейін докторант зерттеу / өндірістік практикадан өткені туралы ашық есепті ресімдеуі (F-PR-03-13-11-10) және оны бітіртуші кафедра / курс отырысында қорғау тиіс.

8.12.2) Есепте докторанттың практика кезінде жүргізген барлық жұмыс түрлері және оның нәтижелері көрсетілуі тиіс.

8.12.3) Практика бойынша есепті докторант практика аяқталғаннан кейін 7 күннен кешіктірмей ғылыми жетекшіге ұсынады.

8.12.4) Практика бойынша есеп жобасы машинкамен басылған мәтіннің кемінде 10 бетін құрауы тиіс (бір аралық, Times New Roman, кегль – 14, 2 см – сол жақ жиек, 1 см – оң жақ, жоғарғы және төменгі жиектер).

8.13. Зерттеу / өндірістік тәжірибе қорытындысы бойынша аттестаттау

8.13.1) Докторанттың практикадан өту нәтижелерін бағалау ресімделген есеп және бітіртуші кафедра отырысында ғылыми жетекшінің пікірі негізінде жүргізіледі.

8.13.2) практика базасының жетекшісі докторантқа зерттеу / өндірістік практикадан өту бойынша мінездеме жасайды (F-PR-03-13-11-11).


8.13.3) Кафедра отырысында докторант төмендегілерді ұсынады:

8.13.3.1) практика бағдарламасы;

8.13.3.2) күнделік;

8.13.3.3) ғылыми жетекшімен тексерілген практикадан өту туралы есеп;

8.13.3.4) практика базасының жетекшісінен мінездеме.

	<p>«ҚазРосмедуниверситеті» МЕМБМ НУО «ҚазРосмедуниверситет»</p>	<p>стр. 19 / 63 бет</p>	<p>F-DP-02-31-01-12</p>
--	---	-------------------------	-------------------------

8.13.4) Докторант жүргізген зерттеулердің сапасын бағалау кезінде мыналарға назар аударылуы тиіс:

8.13.4.1) практика бағдарламасын орындау көлемі;

8.13.4.2) құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы;

8.13.4.3) мінездеме мазмұны.

8.13.5) Есепті бағалау баллдарда жүргізіледі, оның ішінде 70 балға дейін ғылыми жетекші қояды және 30 балға дейін – есепті қорғау кезінде бітіртуші кафедраның оқытушылары, оларды кафедра қызметкері зерттеу / өндірістік практиканы жүргізу жөніндегі бағалау парақтарына (F- PR -03-13-11-12) қояды.

8.13.6) Ғылыми жетекшінің және кафедра оқытушыларының бағаларынан тұратын практика бойынша есептің сараланған бағасы бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша ведомоске қойылады.

8.13.7) Практика бағдарламаларын белгілі себептермен орындамаған докторанттар оқудан бос уақытта практикаға қайта жіберіледі.

8.13.8) Практика бағдарламасын белгісіз себептермен орындамаған немесе теріс баға алған докторанттар академиялық қарызы бар деп есептеледі.

8.13.9) магистранттың практикадан өту нәтижелері бойынша балдарды бөлу бағалау парағы нысанында көрсетілген.

## 9. Докторанттың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы

9.1. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдас бөлігі докторанттың ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДЭЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертацияны жазудан және қорғаудан қалыптастырылады.

9.2. Докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 115 (МЖМБС жобасында 123) академиялық кредитті құрайды.

9.3. ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардың немесе қызмет салаларының ұйымдарында, оның ішінде шетелде міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

9.4. Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ҒЗЖ - қойылатын талаптар:

9.4.1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкестігі;

9.4.2) өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;

9.4.3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

9.4.4) компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделген;

9.4.5) ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалады;

<p>PR-03-13-11</p>	<p>Докторантурада оқу процесін ұйымдастыру ережелері / Правила организации учебного процесса в докторантуре</p>	<p>Басылым 01 / Издание 01</p>
--------------------	---	------------------------------------



9.4.6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

9.5. Бейіні бойынша доктор бағдарламасы бойынша білім алушының ДЭЗЖ қойылатын талаптар:

9.5.1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкестігі

9.5.2) өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;

9.5.3) ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және нақты практикалық ұсынымдарды, кешенді, қызметаралық сипаттағы басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерін қамтиды

9.5.4) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалады;

9.5.5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

9.6. Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

9.7. ДҒЗЖ/ДЭЗЖ негізгі қорытындысы докторлық диссертация болып табылады.

9.8. Докторлық диссертацияға жетекшілік ету үшін докторантка оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде ғылыми басшылық тағайындалады.

9.9. Ғылыми басшылық Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9.10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторанттарға ғылыми басшылықты кемінде екі адамнан тұратын консультанттар жүзеге асырады, олардың бірі – шетелдік жоғары оқу орнының ғалымы және докторанттың ғылыми зерттеулері саласындағы мамандар болып табылады.

9.11. Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

9.12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкес докторанттарға ғылыми басшылықты «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор»: - 8D10 «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» кадрларды даярдау бағыты бойынша автор болып табылатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1, 2, 3 квинтиль деректері бойынша JCR (ТҚЖ) Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) 2 мақаласы кірген немесе Cite Score (Сайт Скор) бойынша процентиль көрсеткіші (скор сайты) кемінде 35, не Хирш индексі 2 және одан жоғары.

9.13. Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестр бойы анықталады және ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.



9.14. Диссертациялық зерттеудің бағыты, әдетте, ұлттық басымдықтармен, не мемлекеттік бағдарламалармен, не іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларымен байланысты болуы тиіс

9.15. Докторанттың диссертациясының тақырыбы және ғылыми жетекшілерді тағайындау бітіртуші кафедраның отырысында, содан кейін ғылыми-клиникалық кеңестің отырысында қаралады және Ғылыми Кеңестің (бұдан әрі - ҒК) отырысында бекітуге ұсынылады.

9.16. Диссертацияның тақырыбын бекіту үшін докторант ҒК келесі құжаттарды ұсынуы керек:

9.16.1) патенттелмейтін диссертацияны патенттік-ақпараттық іздеуді жүргізу туралы есеп (F-PR-03-13-11-13) немесе патентке қабілетті диссертация (F-PR-03-13-11-14);

9.16.2) диссертациялық жұмыстың аннотациясы (F-PR-03-13-11-15), онда тақырыптың өзектілігі, оның жаңалығы, зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеу материалдары мен әдістері, болжамды нәтиже, диссертациямен жұмыс кестесі көрсетілуі керек;

9.16.3) кафедра, ғылыми-клиникалық кеңес отырыстарының хаттамаларынан үзінділер;

9.16.4) шетелдік ғылыми жетекшінің (консультанттың) докторантқа басшылық етуіне жазбаша келісімі, шетелдік ғылыми жетекшінің/консультанттың негізгі ғылыми жұмыстарының тізімі, оның CV, отандық ғылыми жетекшінің/консультанттың ғылыми жарияланымдарының және CV тізімі.

9.17. Жоспарлау кезінде докторанттың ғылыми / эксперименттік жұмысы университеттің ЖЭК этикалық нормаларын сақтауға арналған зерттеулердің тәуелсіз бағасын алуы тиіс.

9.18. Докторант диссертациясының бекітілген тақырыбын түзетуге ғылыми жетекшінің келісімі бойынша, бітіртуші кафедраның және Ғылыми кеңестің шешімі бойынша докторанттың өтініші (F-PR-03-13-11-16) тақырыптың атауын өзгерту себептерінің негіздемесін қоса бере отырып қаралады.

9.19. Диссертация дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жанашылдық, нақтылық және практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалады.

9.20. Тәуелсіздік принципі диссертацияның өз бетінше жазылғанын және диссертация авторының ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетеді.

9.21. Ішкі бірлік қағидаты диссертацияның ішкі бірлігі бар екенін, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері қисынды өзара байланысты екенін; ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі тиіс екенін білдіреді. Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда негізделген және бағаланған.

9.22. Ғылыми жаңалық қағидаты диссертацияның ғылыми нәтижелері, ережелері, ұсынымдары мен қорытындылары Жаңа болып табылатынын және диссертация жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктелетін немесе нақты



ғылыми бағыттарды дамыту үшін маңызды болатын жана ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитынын білдіреді.

9.23. Сенімділік принципі медициналық мамандықтар бойынша орындалған диссертациялар үшін теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденгенін және расталғанын білдіреді.

9.24. Диссертацияның практикалық құндылығының принципі қолданбалы мәні бар диссертацияда автор алған ғылыми нәтижелердің практикалық қолданылуы туралы, авторлық куәліктермен, патенттермен, зияткерлік меншік куәліктерімен, өндіріске енгізу актілерімен және басқа да ресми құжаттармен расталған мәліметтер, ал теориялық мәні бар диссертацияда ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсынымдар келтірілгенін білдіреді.

9.25. Академиялық адалдық принципі диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын білдіреді:

9.25.1) мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, графиктерді, кодтарды, суреттерді немесе басқа авторлардың жұмыстарын авторға және дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) тағайындау, сондай-ақ басқа тілдерден аударылған мәтінді (плагиат) пайдалануды қоса алғанда, сөздер мен сөз тіркестерін мағынасын өзгертпей синонимдік ауыстыра отырып басқа авторлардың мәтінін пайдалану (плагиат);

9.25.2) өз материалын, нақты және цифрлық деректерді өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің көзіне сілтеме жасамай пайдалану фактілері (автоплагиат);

